

FTAMP 17.71.01

Б.Ш. Баешова (orcid – 0009-0002-8755-1755)

Филология ғылым. канд., доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан
e-mail: balziya.baveshova@ayu.edu.kz

<https://doi.org/10.55956/TVQG8249>

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ РУБАЯТТАРДЫҢ ТӘРЖІМАСЫ ХАҚЫНДА

Аңдатпа. Мақалада қазақ әдебиетіндегі рубай жанрының аудармасы туралы қарастырылған. Шығыс ақындарының лирикалық, философиялық рубайларын қазақ тіліне көркем нақышта аударған ақындардың еңбектері жан-жақты зерттелген. Мақалада шығыс шайырлары: Рудаки, Омар Хайям, Шираз, Руми, Фирдоуси сынды басқа да ақындардың туындылары әр қырынан талданған.

Тірек сөздер: Рубай, төрттаған, акын, поэзия, Шығыс, аударма.

Кіріспе. Қазақ әдебиетінің қай жанрын алмайық, халықтық тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен философия тұрғысын сөз етеді. Түрлі жанрларға бай әдебиетіміз – терең әрі көп қырлы. Әдебиетіміздегі әрбір жанрдың сипаты, ішкі заңдылықтары, өзіндік ерекшеліктері барынша даралана, саралана түскен. Әсіресе, әдебиеттің ең көне жанры болып есептелетін поэзияның орны ерек.

Поэзия да тарихи кезеңдерді бастан өткеріп, бүгінге дейін дамып, қалыптасып, түрлі анықтамаларға ие болып отырған. Ұлттық поэзиядағы жыр-толғаулар, дастандар, жазба әдебиетімізде – поэма, жаңа дәуір әдебиетінде – лирика (табиғат, махаббат) сынды дәстүрлі терминдермен жалғасын тауып жатты. Әрбір жырдың бастау бұлағы көне дүние толғауларынан, дастандарынан жалғасатыны белгілі. Бүгінге дейін даму, қалыптасу, гүлдену сатыларынан өтіп, жаңа дәуірге дейін өз маңызын жоймаған жырлар жеке дара жанрларға айналды. Өз алдына жанрлық ерекшеліктерге ие болған «төрттаған» да поэзиядағы шоқтығы биік жанрлардың бірегейі саналады.

Төрттаған жанры сонау ғасырлардан бері дәуірлеп, дамып, гүлдене түсті. Тіпті қорын аудармалар арқылы да молайтты. Аударма арқылы қалыптасқан төрттағандардың жырлануына Шығыс әдебиетінің әсері тимей қойған жоқ. Шығыс әдебиетінде рубай жазған ақындар аз болмаған. Солардың ішінде рубайдың биік шыңына шығып, шеберлік танытқан Омар Хайям секілді бірқатар Шығыс ақындары рубаяттарының аудармалары туралы біршама әңгіме етпекпіз. Әсіресе, олардың қазақ әдебиетіндегі орнын айқындау басты мақсатымыз болмақ.

Омар Хайям есімі – Шығыстың әйгілі ақындары арасында, рубай жазу мәселесінде шоқтығы биік есімдердің алғашқысы. Адам жанына азық берер отты лирикаларымен өрілген рубайлары неше ғасыр өтсе де, өз маңызын жойған емес. Әлемнің барлық тілдеріне XVIII ғасырда-ақ аударылып үлгерген Омар шайырдың рубаяттарын біздің аудармашылар да көркем әрі нақышты деңгейде тәржімалады. Көрнекті шығыстық шайырдың көркем

туындылары біздің де ақындарымызды бей-жәй қалдырған жоқ. «Айталық, XV-XVIII ғасырларда ғұмыр кешкен қазақ ақын, жырауларының, одан бертінде Абайдың, Шәкәрімнің, Бернияздың, Мағжанның шығармаларында О. Хайям әсері бар екені айқын. Одан бері қарай келсек, Кеңес тұсындағы қазақ ақындарында, айталық, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Қалижан Бекқожин поэзиясында О. Хайямға еліктеу кездеседі. Бір кезде Сәбеңнің Хайямша тартқан төрттағандары бар болатын» [1], деген Ө. Күмісбаевтің пікірі теориялық тұрғыдан дәлелді сөздер.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жүйелі-кешенді зерттеу әдісі негізінде қазақ поэзиясындағы төрттаған жанрының типологиялық сипаттары мен өзіндік ұлттық ерекшелігін айқындауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында жүйелі, кешенді зерттеу әдісі пайдаланылды. Зерттеуде Ш. Уәлиханов, О. Асқар, М. Мырзахметұлы, М. Мағауин, Р. Бердібаев, З. Қабдолов, Ә. Дербісәлі, Ө. Күмісбаев, Б. Уақатов, И. Жеменей, Ғ. Доскенов, М. Тілеужанов, С. Дәуітұлы, Б. Имашев, Ә. Жәкім сынды басқа да ғалымдардың поэзия, жалпы ақындық өнер туралы еңбектері теориялық және әдіснамалық негіз ретінде қолданылды. Өзге де ұлт ғалымдарының зерттеулері бағыт-бағдар беруші маңызы жоғары еңбектер ретінде бағаланды. Н.Г. Леонтьев, А. Аминов, Е.Э. Бертельс, А. Хайтметов, А. Е. Алекторов, К. Мұхаммад, Т. Ковальский, М.К. Хамраев, П.Г. Богатырев, Р. Ватват, Ф. Рази, А. Зарринкуб, Ш. Кайс, Ч. Хаккулов, В. Жуковский, З.С. Зарипов және тағы басқа ғалымдардың теориялық пікірлері де ізденісімізге септігін тигізгенін атап өту қажет.

Аударма ісіне қалам тартқан Қуандық Шаңғытбаев Омар Хайямның 325 шумағын аударса, бертін келе белгілі ақын, жазушы Арғынбай Бекбосын (орыс тілінен) 250 рубаиын тәржімалады. «Осы нұсқалар ішінара болмаса, негізінен көркем аударманың ішіндегі ең бір көріктісі болып табылады» (Ө. Күмісбаевтың О. Хайямнан алған тікелей аудармасынан) [2]. Арғынбай Бекбосын тек Омар Хайям рубаиларын ғана емес, сонымен қатар Әбу Абдаллах Жафар Рудаки, Жалал-ад-дин Руми, Қожа Шәмс әд-Дин Мұхаммед Хафиз, Әбілқасым Фирдоуси, Муслих әд-Дин Сағди рубаиларының бірнеше шумақтарын аударған. Бұл рубаяттардың да тәржімалануы көркемдік пен нақыштылыққа бай туындылар қатарында болып есептеледі.

Омар Хайямнан басқа Шамседдин Хафиздің рубаяттары да қазақ тілінде сөйледі. Оның рубаиларын көркем етіп аударған Әбірәш Жәміш еді. Аударма өте дәл, әрі сипатынан ауытқымаған көркем туынды болып есептеледі. Нақыл мен кеңеске мол дүниелердің оқырманға берері мол. Шығыстың заңғар ақыны Рудакидің 62 рубаяттарын қазақшалаған Кәкімбек Салықовтың тәржімасы «Әлем әдебиеті» журналында жарық көрді. Сондай-ақ, тамаша өрнекпен аударма жасаған Сейфолла Оспан шығыстық танымал шайырлар Әбдірахман Жәмидің, Әбілхасан Рудакидің рубаиларын қазақшалаған еді.

Танымал ақын, Шығыс шайырлары шығармаларының аудармашысы – Өтеген Күмісбаев Рудакидің, Ибн Синаның, Омар Хайямның, Фирдоусидің тағы басқа да шығыс ақындарының рубаяттарын түпнұсқадан тәржімалаған қаламгер. Омар Хайям рубаяттарында көп кездесетін көне сөздерді аудармашы шебер жеткізген.

Суға толы көзені пақырлар да сімірген,
Шахтың көзі ділінен жасалыпты білем мен.
Кесе толы шарапта армандар бар шайқалған,

Оттай жанып бір кезде еріндер бар сүйілген [3], мұндағы «көзе», «пақыр», «шах» сөздері аудармаға жан бітіріп тұрғаны мәлім. О. Хайям шайырдың көптеген рубаятында бұрын өмірден өткен адамдардың жер бетін шарлап жүрер рухы жайында сөз болады. Жер қойнынан алынған балшықты, одан жасалған заттардан адам жанын көріп, аяқ асты етпеуін өгінеді. Аударманың тілге түсінікті, оралымды болып келуі аудармашының шебер екенін аңғартады.

Аталған аудармашылармен қатар Омар Хайям рубаиларын тәржімалауда тер төккен Оразақын Асқар, Тұрсынәлі Айнабеков, Қосан Серікбай сынды аудармашы-ақындардың есімдерін атай аламыз. Қуандық Шаңғытбаевтың еңбегі (аудармалары) 1980 жылы «Жазушы» баспасынан «Жыр жаһаны» [4] деген атпен жарық көрді.

Қуандық Шаңғытбаев (1925-1996 ж.ж.) – шебер аудармашы. Өтеген Күмісбаевтың зерттеуінен аңғарғанымыздай, ол Омар Хайямды, Хафизды, Бернсті, Гейнені, Пушкинді, Лермонтовты, Мұса Жәлел, Міртемірді, Фаиз Ахмад Фаизды, Гетені, Надир Надирпур сынды шайырларды қазақшаға көркем аударма жасаған болатын. Ақын Қ.Шаңғытбаев Омар Хайям рубаиларын тұңғыш қазақшалаған аудармашылардың қатарында еді. Ақын орыс, тәжік, өзбек нұсқаларын салыстыра отырып, Омар Хайямды қазақ поэзиясына жете таныстырды. «Қуандық Шаңғытбаев Шираз шайырының шығармаларына өзіндік өрнек салып келген. Бұл екі арада аудармашының субъективтік көзқарастары да жүреді. Теорияның тіліне салсақ, Шаңғытбаев Хайямға кейде жақын, кейде шалғай болып кетеді. Әлбетте, Қ.Шаңғытбаев тәжік, өзбек нұсқаларымен қатар орыс вариантына да көбірек жүгініп отырғанға ұқсайды» [1]. Дегенмен де, Қ.Шаңғытбаевтың аудармалары тым көркем әрі нақышты болып келеді. Омар шайыр тілін қазақшаламай-ақ, өзі біздің тілде сұранып тұратын дүниелер емес пе?! Оның рубаилары тіпті, кейде таза қазақша сөйлеп тұратындай.

Сұм тағдыр, дәйім сенің ісің аусар,
Бой сұнып сұмдығыңа, бітті қауқар.
Бауырын қақ айырса қара жердің,

Қаншама шығар еді-ау інжу-жәуһар! [4], - деген жолдарда парсы рубаиы емес қазақ төрттағаны жырланғандай әсер берері сөзсіз. Бұл әсер аудармашының шеберлігі, өз ісінің майталмандығының белгісі. Қуандық Шаңғытбаев аудармалары поэзия көгіндегі теңдессіз туынды болып қалмақ.

Шығыстанушы, ақын Өтеген Күмісбаевтың Омар Хайям рубаиларын тікелей парсы тілінен ана тілімізге тәржімалауы – аудармадағы тың бағыт еді. Аудармашының еңбегі 2004 жылы «Иранбақтың бұлбұлдары» [5] деген атпен жинақ болып шықты. Жинақта Рудаки, Унсури, Фердоуси, Ибн Сина, Насер Хосроу, Омар Хайям, Сағди, Хафиз, Руми, Мырза Ғалейб, Хамиди Щирази, Ириж мырза, Пәрвин Этесами, Иқбал Лахури, Шәхриар, Сәэб Тәбризи, Жале Фәрохани сынды парсы ақындарының жырлары қамтылған. Аударма барысында Омар Хайям шумақтары көркемділігімен, шынайылығымен, шұрайлығымен көңіл аудартады. Бұл аударма сол жылы «Қазақ әдебиеті» басылымында да жарық көріп көпшілік қауымға ұсынылды [6].

«Аталмыш жинақтағы Омар рубаиларының саны – 45. Оның ішінде 36 рубаи Фруғи, Садық Хедаят, Бертельс, Хумайи және Фиджеральд зерттеген белгілі нұсқалардан, ал қалған 9 рубаи өзге нұсқалардан алынған. Көлемі шағын болса да, Хайям рубаиларының парсы тілінен қазақ тіліне тұңғыш тікелей аударылуы – назар аудартпай қоймайды» [2]. Аудармашының қазақ

тілі мен парсы тіліне ортақ сөздерді орнымен пайдалана алуы өте ұтымды шыққан деуге келеді. Мәселен,

Суға толы көзені пақырлар да сімірген,
Шахтың көзі, ділінен жасалыпты білем мен.

Немесе:

Көзе толы шарапты сімірелік,
Бізге дейін жасалған құмыралар- деген жолдардағы «көзе», «діл», «шарап» деген сөздерінің таза қазақ тіліндегі баламаларынан гөрі парсы тілінен енген кірме нұсқасы ұтымды шыққан.

Өтеген Күмісбаев Омар рубаяттарын тек аударып қана қоймаған, шайыр туралы тың зерттеулер мен мақалалар да жазды. Оның Шығыс ақыны туралы: «Шекспирдің тілінде шешен сөйлеген парсының патша ақыны Омар Хайям қазақ әдебиетінде» [1] деген еңбегінде аударма мәселесі туралы кең де келелі сөз болды. Аталмыш зерттеу мақаласында аударма саласына қатысты тың пікірлерді алға тартқан. Әсіресе, Қуандық Шаңғытбаевтың аудармалары хақындағы келелі ойларды ортаға салады. Қуандық ақынның шеберлігі де жан-жақты сөз болған. Мәселен: «1965 жылы «Жазушы» баспасынан Қ. Шаңғытбаевтың Омар Хайямнан алған аудармалары жеке жинақ ретінде басылып, тез арада тарап кетті. Бертін келе бұл қазақша рубаилар ауызша халық арасына жайылып кетіп, Шаңғытбаев шеберлігін шырқау биікке алып шыққан-ды» [1], деген пікірлерден аудармашы еңбегінің жоғары бағаланғанын байқаймыз.

Зерттеу нәтижелері. Қазақ әдебиетінде «рубаи» аудару ісі едәуір қалыпты жүйеде дамыған. Айтылған ой оқырманына дәл жетіп, түпнұсқадан алшақтамай аударылады. Шығыс поэзиясының көркем туындыларын нақышына келтіре, бояуын сол қалпында сақтап аударма жасаған тәржімашыларымыздың қатары да селдір емес.

Еліміздің аудармашылары тек парсы-тәжік рубаиларын тәржімалаумен ғана шектелмеген, сондай-ақ түрік халықтарының да (түрік, қырғыз, қарақалпақ, ұйғыр, т.б.) төрттіктерін қазақ тіліне аударғаны әдебиеттерден мәлім.

Пікірімізге Оразақын Асқардың аудармалары дәлел болмақ. Жоғарыда сөз ете кеткеніміздей О. Асқардың қара өлең жинастырып, оны баспадан шығарғаны белгілі. Ақын осы қара өлең жинастыру еңбегімен қатар біртуған түрік халықтарының да төрттіктерін аударған. Еліміздің бірқатар мерзімді басылымдарының беттерінде «Түрік халқының төрттағандары» [7], «Кабарда, Черкес халық жырлары» [8], «Ежелгі түрік халық жырлары (XI ғасыр)» [9] сынды еңбектері жарияланған. Аудармашының бұл еңбегін қазақ әдебиетіндегі аударма қорына қосқан соны тәржімасы деуге болады.

Түрік ұлтының төрттіктерінде махаббат тақырыбы жиі жырланады.

О. Асқардың аудармасынан көз жеткізгеніміздей, махаббат олар үшін алғашқы орында, сол ынтызар сезімнің биігінде Алланы көреді, Жаратқаннан төзім күтеді:

Тікен көрсен гүлді естен шығарма,
Ойла, көздің жасына жар тұрар ма?
Сүйіп-күйіп сол жолда азап тартқанға,
Сенім, төзім берсін ұзақ бір Алла [7].

Міне, түрік ұлтының жоғары пафоста жырланған төрттік үлгілері қазақшаланып, бізге жеткен. Тілге жатық, ойға орамды жырларды бірден түсіне кетуге болады. Демек, аудармашының бұл жолда еткен еңбегінің жемісі ұтымды шыққан деуге келеді.

Сондай-ақ, ақынның ежелгі түрік халқының жыр нұсқасынан аударған төрттіктерін де мысал ете аламыз. Төрттіктер көне дәуірлерден сыр шертеді, яғни сонау XI ғасырдағы ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігі жырланған. Жауынгер ерлердің жауға шапқан ерен ерліктері, жеңістері сөз болады. Мысалы:

Ерлер бірге топ құрар,
Күш сынасып соғысар.
Ұнатқанын мадақтап,
Жауласқанын жоқ қылар [9].

Сондай-ақ:

Қалқан, найза алайық,
Атойлап аттанайық.
Қайнап, тасып, қатулы,

Жауға ойран салайық [9], деген жолдардан жаужүрек ерлердің қас-дұшпандарды жоқ қылып, елін, жерін найза ұшымен сақтап қалған әрекеттерін тап басып аңғаруға болады. Шумақтар әдеттегідей 7-8 буынды, қара өлең ұйқасымен жырланған. Жауынгер елдің бітім-болмысын айғақтайтын мұндай төрттағандарды ақын көптеп аударды.

Нақтылай айтсақ, қазақ ақындары – өз туындыларын дүниеге әкеліп қана қоймай, өзге де ақындардың рубаяттарын қазақша сөйлете білген шебер аудармашылар да. Небір тарихи деректерге бай, шежірелерге толы дүниелерді оқырмандарына тарту еткен қазақ ақындарының бұл жолдағы еңбектері де ерен.

Өз заманының ақындар алыбы атанған, рубаи жырлауда Шығыс поэзиясына сүбелі үлес қосқан Рудакидің бірнеше шумағын Кәкімбек Салықовтың да аударғаны мәлім. Аудармашының бұл еңбегі де көркемділігімен назарға бірден ілігеді. Рудакидің өзі қазақша жырлағандай әсер береді. Рудакидің сезімі, толғанысы мен тебіренісі аударма бойынан есіп тұр. Кейіпкер психологиясын ашып беру де аударма ісінің жетістігі десе болады. Сондай-ақ, аудармашы рубаидың мазмұнына да нұқсан келтірмей, тура сол қалпында жырлаған.

Аударма:

Ниеті тарды қолдама – бол мейірбан, рақымшыл,
Мүгедек жанды қорлама – адамдық болсын ақылшың.
Құласа біреу, кеудеден басар бейбастақ,
Көтеріп жібер, абзал жан деуге татырсың [10].

Орыс тіліндегісі:

Слепую прихоть подавляй – и будешь благороден!
Калек, слепых не оскорбляй – и будешь благороден!
Не благороден, кто на грудь упавшему наступит,
Нет! Ты упавших поднимай – и будешь благороден! [11]-

деген жолдардан таза рухани тәрбиеге жетелер рух лебі еседі. Қазақтың «жығылғанға жұдырық қылма» нақыл сөзінің жыры іспеттес. Рудаки өз заманының көреген ақыны. Оның шумақтарында алдағы күндерге топшылау, болжау бағыттары да байқалады. Замана ағысынан бір елі қалыс қалмайтын жырларынан заманауи нышандар айқын аңғарылады. Ал лирикалары тұнып тұрған пейзаж дерлік. Махаббат, табиғат үндестігі. Сұлу қыз бен әсем табиғат арасындағы сыр, өзара әңгіме желісі тамаша суреттелген. Рудаки – суреткер ақын. Оның туындылары қазақ тілінде сөйлеп, тіптен құлпыра түседі. Мәселен:

аударма:

Иісің мен түсің райхан гүлден алынған,
Нарттай қызыл екі бет, жұпарға шашын малынған,
Бетіңді жуған су қызарып гүлденер,
Мүскүстің ісі шашыңнан шығар сағынған [10].

Орыс тіліндегісі:

Аромат и цвет похищен был тобой у красных роз:
Цвет взяла для щек румяных, аромат для черных кос.
Станут розовыми воды, где омоешь ты лицо,

Пряным мускусом повеет от распущенных волос [11]-
деген жолдардан суреткер ақынның шеберлігіне сүйсіне де таңдана
қараймыз. Балаудың ең көркем түрін талғап қолдана білген. Түрлі жанрда
жыр толғай беретін ақынның рубаиларының орны поэзия әлемінде ерекше-
ақ. Осы үздік туындының қазақшалаған аудармашының еңбегі де ерен.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін аударма ісі жаңа, тың
бағытта дами бастады. Кеңестік кезеңде тек орыс тілінен аударма жасалынса,
бүгінде түпнұсқадан тәржімалау жолға қойылды.

Оған келтірілер мысалдар жетерлік. Өтеген Күмісбаев сынды
аудармашымен қатар Тұрсынәлі Айнабеков те тәржімаларын түпнұсқалардан
тікелей жасағанын атап айту керек. Оның 200-ге тарта Омар Хайям
рубаяттарын көне өзбек, тәжік, парсы нұсқаларын салыстыра отырып
жасаған еңбегі көркемділігі жағынан көш ілгері орында тұр. Тәржімашының
аударма ісіндегі бір ерек тұсы – Омар Хайям рубаяттарын саралап, топтап, әр
топтамаға тақырып қоюында. «Адам, адамгершілік, махаббат, достық
рубаилары», «Дүниетаным, өмір, тіршілік рубаилары» деп берілген
төрттағандардың көркемділігі көңілге қонымды-ақ. Аударма түсінікті, жатық,
қарапайым сөздермен тәржімаланған. Мәселен:

Өмірде қарттық жасқа әркім жетер,
Бірме-бір, ізбенен-із бәрі де өтер.
Ешкім де бұл дүниеде қалмас мәңгі,
Бәрі кеткен, кетерміз, келген кетер [12].

Омар Хайям рубаяттары әлемнің барлық тілдеріне аударылып жатқан
жауһар туынды. Шығыс шайырының рубаяттарын бірнеше қазақ ақындары
қаламына тиек еткен. Аударма ісінде ақын Серікбай Қосан да қомақты еңбек
етіп, Омар Хайям шумақтарын шебер аударды. Мәселен:

Тозақ та жоқ, жұмақ та жоқ, ей, жүрек,
Сескенетін сұрақ та жоқ, ей, жүрек.
Үміттенер мұрат та жоқ, ей, жүрек,

Бұл жалғанда тұрақ та жоқ, ей, жүрек [13], деген рубаятты Шығыс
шайырының аузынан қазақша жазып алғандай әсермен аударған. Осындай
көркем аудармалар арқылы Шығыстың шайырларына еліктеу мақсатында өз
әдебиетімізде де төрттағандардың өмірге келіп жатуы заңды жәйт.

Сондай-ақ, ақын Сейфолла Оспанның да аудармалары көркемділігімен,
нақтылығымен назарға ілігеді. Аудармашы көптеген Шығыс шайырларын,
солардың ішінде Рудакидің, Ә. Жәмидің рубаяттарын қазақшалады. Қос
ақынның да махаббат жайындағы шумақтарын аударған. Барша ақынға лайық
ғашық болу, оның дертіне шалдығып, қасірет шегу сюжеттері де аудармашы
еңбегінде көрініс тапқан. Мысалы:

Сүйіктім-ау, қашанғы мен арқалаймын қайғыны?
Жанды жеген мол қасірет түсер екен қай күні?
Жүрегімді тұтқындасаң мен дайынмын әмәнда,

Сенші маған. О, перизат Жаратқанның байлығы! [14], деген рубаида кейіпкердің зары мен мұңы қанша ащы болса, махаббаты соншалықты тәтті етіп жырланған. Осындай мазмұнға бай, философиялық мәнге ие туындыны қаз-қалпында қазақшалау да аудармашының шеберлігін танытары даусыз.

Қорытынды. Аударма ісі де елдегі ақындарға шығыстық үлгіде төрттаған жазуға септігін тизгізді. Көркем аудармалардың сезімге әсер ету нәтижесінде елде төрттаған толғаушылар саны арта түскені жасырын емес. Әсіресе, Омар Хайям рубаилары арқылы төрттаған жырлаушылар саны соңғы он жылда еселеніп сала берді деуге келеді. Осы кезде ақындардың жүрегінде «Жетелеп Омар Хайям енді өлеңге, Енсем мен төрттағандай отпен енем» (А. Бекбосын)- деген жалынды жолдар көрініс тапқан.

Айта кететін жәйт, Шығыс рубаиы аударма арқылы қазақшаланса да, «рубаи» болып қала береді. Себебі, ол өзіндік уәзін өлшемімен жырланған, сондықтан да «Рубаи аудармасы» деп аталуы заңды.

Егер қазақтың төрттағаны өзге елдер тіліне аударылып жатса, «төрттаған» деген атаумен тәржімаланып берілгені дұрыс дегіміз келеді.

Біздің ақындар Шығыс шайырларының «рубаиын» қазақша сөйлеткенде, оның аруздық өлшемі бойында сақталып, тек мазмұндық тұрғыдан ғана бізге жетеді. Яғни, «рубаидың» құрылысы, өлшемі сақталады. «Төрттаған» да сол секілді буын, бунағын, тармағын, яки өлшемін өзгертпейді. «Төрттаған» қай елдің тіліне аударылмасын, сол «төрттік» атын да қалпын да сақтап қалады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Күмісбаев, Ө. Шекспирдің тілінде шешен сөйлеген парсының патша ақыны Омар Хайям қазақ әдебиетінде [Мәтін] / Ө.Күмісбаев // Қазақ әдебиеті.- 2002.- 1 қараша - № 44.
2. Қари, Қ. Нишапурдың хош әгірі [Мәтін] / Қ.Қари // Қазақ әдебиеті. - 2006. - №19.- 12 б.
3. Күмісбаев, Ө. Шығыс шайырлары [Мәтін] / Ө.Күмісбаев. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. - 137 б.
4. Шаңғытбаев, Қ. Жыр жаһаны [Мәтін] / Қ. Шаңғытбаев. - Алматы: Жазушы, 1980. - 366 б.
5. Күмісбаев Ө. Иранбақтың бұлбұлдары. [Мәтін]: Тәржімә / Ө.Күмісбаев. - Алматы: Мұрагер, 2004.- 76 б.
6. Күмісбаев, Ө. Омар Хайям [Мәтін] / Ө.Күмісбаев // Қазақ әдебиеті.- 2004.- 9 шілде - № 27.- 13 б.-
7. Оразақын, А. Түрік халқының төрттағандары [Мәтін] / А. Оразақын // Таң-Шолпан.- 2002.- № 3.- 129-134 бб.
8. Кабарда, черкес халық жырлары [Мәтін] // Таң-Шолпан.- 2005.- № 2.- 94-96 бб.
9. Оразақын, А. Ежелгі түрік халық жырлары (XI ғасыр) [Мәтін] / А. Оразақын // Түркі әлемі.- 2007.- № 11.- 16 б.
10. Салықов, К. Рубаилар [Мәтін] / К.Салықов // Әлем әдебиеті.-2007.- № 6.- 13-21 б.
11. Антология Таджикской поэзии [Текст] .- М.: Гос. изд-во худож. лит., 1951.- 607 с.
12. Айнабеков, Т. Омар Нәйям. Рубаилар [Мәтін] / Т.Айнабеков // Дүние.- 2005.- № 4.- 19-27 б.
13. Серікбай, Қ. Жүрегімде жүз өлең [Мәтін] / Қ.Серікбай. - Алматы: Дөйт-Принтхаус, 2006.- 208 б.
14. Иран тәжік поэзиясы [Текст].- Астана: Аударма, 2005.-728 б.

Мақала редакцияға 30.09.23 түсті

Б. Ш. Баешова

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан*

О ПЕРЕВОДЕ РУБАЯТОВ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. В статье рассматривается перевод жанра рубаи в казахской литературе. Всесторонне изучены произведения поэтов, переведивших на казахский язык лирические, философские рубаи поэтов Востока в художественном мотиве. В статье проанализированы произведения других поэтов, таких как восточные смолы: Рудаки, Омар Хайям, Шираз, Руми, Фирдоуси.

Ключевые слова: : Рубаи, четверостишие, поэт, поэзия, Восток, перевод.

B. S. Baeshova

*International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,
Turkestan, Kazakhstan*

ABOUT THE TRANSLATION OF RUBAYATS IN KAZAKH LITERATURE

Abstract. The article discusses the translation of the rubai genre in Kazakh literature. The works of poets who translated the lyrical, philosophical rubai of the poets of the East into the Kazakh language in an artistic motif have been comprehensively studied. The article analyzes the works of other poets, such as Oriental resins: Rudaki, Omar Khayyam, Shiraz, Rumi, Firdousi.

Key words. Rubai, quatrain, poet, poetry, East, translation

References

1. Kumisbayev, O. Shekspirdiң tilinde sheshen seǵlegen parsynuң patsha aquny Omar Hajyam қазақ әдебиетинде [The Persian royal poet Omar Khayyam, who spoke eloquently in the language of Shakespeare in Kazakh literature] // Kazakh literature.- 2002. - November 1 - № 44. [in Kazakh]
2. Kari, K. Nishapurduң hosh әtiri [Nishapur's perfume] // Kazakh literature. - 2006. - No. 19. - 12 p. [in Kazakh]
3. Kumisbayev, U. Shyǵys shajyrlary [Shear resins]. - Almaty: Kazakh University, 2004. - 137 p. [in Kazakh]
4. Shygytbayev, K. Zhyr zhagany [The light of poetry]. - Almaty: writer, 1980. - 366 p. [in Kazakh]
5. Kumisbayev U. Iranbaqtuң bұлbyldary [Nightingales of Iranbaq] [Text]: Tuzhima / U. Kumisbayev. - Almaty: Murager, 2004. - 76 p. [in Kazakh]
6. Kumisbayev, U. Omar Khayyam [Text] / U. Kumisbayev // Kazakh literature.- 2004. - July 9 - № 27. - p. 13 [in Kazakh]
7. Orazakyn, A. Tүrik halkynuң tәrttařandary [The quatrains of the Turkish people]// Dawn-Sholpan. - 2002. - № 3. - pp. 129-134. [in Kazakh]
8. Kabarda, cherkes halyқ zhyrlary [Kabarda, Circassian folk songs]// Dawn-Sholpan.- 2005. - № 2. - pp. 94-96. [in Kazakh]
9. Orazakyn, A. Ezhelgi tүrik halyқ zhyrlary [Ancient Turkish folk songs (XI century)] // Turkic world. - 2007. - № 11. - 16 p. [in Kazakh]
10. Salykov, K. Rubailar // World literature.-2007. - № 6. - pp. 13-21. [in Kazakh]
11. Antologiya Tadzhijskoj poezii [Anthology of Tajik poetry].- M.: Gos. izd-Vo khudozh. lit. 1951. - 607 p. [in Kazakh]
12. Ainabekov, T Omar Hayam.Rubilar //Dinie. - 2005. - No. 4. - pp. 19-27. [in Kazakh]
13. Serikbay, K. ZHyregimde zhyz әleң [A hundred poems in my heart]. - Almaty: Dait-Printhouse, 2006. - 208 p. [in Kazakh]
14. Iranian Tajik poetry .- Astana: translation, 2005.-728 p. [in Kazakh]